

1. Осы Ережемен пайдаланушыларға көрсету мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің жылдық, тоқсандық, ай сайынғы есептілігінің көлемі, нысандары, кезеңділігі, мерзімі және жасалу мен ұсынылу тәртібі белгіленеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04 N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.28 N 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер осы Ережеде белгіленген көлемде және нысандар бойынша жылдық, тоқсандық есептер жасайды.

3. Есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:
есепті кезеңдегі барлық операциялар көрсеткіштерінің толықтығы және
р а с т ы ғ ы ;

есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есеп шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтардың талдамалы есебі деректерінің, сондай-ақ синтетикалық және талдамалы есеп деректерінің есеп пен баланс деректерімен
т е п е - т е ң д і г і ;

көрсеткіштердің толтырылу ұқыптылығы және өшіріп жазу мен түзетулерді жібермеу. Қателерді түзеткен жағдайда, түзету күнін көрсете отырып, есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалады.

4. Есептердің нысандары онда көзделген көрсеткіштерге толықтай сәйкестендіріліп толтырылады. Бекітілген есеп нысандарында көрсеткіштерді және олардың кодтарын өзгертуіне немесе оларға қосымша көрсеткіштер
е н г і з у г е
б о л м а й д ы .

Ағымдағы есепті кезеңге, сонымен бірге өткен кезеңге жататын (оларды бекіткеннен кейін) есептілік деректерінің өзгеруі деректердің алшақтығы байқалған кезеңде жасалған есептілікте жүргізіледі.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда , республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге басшы мен бас бухгалтердің қолдарымен өзгерістер енгізу себептерін көрсете отырып, енгізілген өзгерістер туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Мемлекеттік мекеме республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің енгізген өзгерістеріне сәйкес өз есептілігінің данасына республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзгерістер енгізген сәттен бастап 10 күн ішінде өзгерістерді
е н г і з у г е
м і н д е т т і .

Мемлекеттік мекеменің есептілігіне түзетулер нормативтік құқықтық

актілерде белгіленген түзетулер енгізу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер есепті қарау нәтижелері жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жазбаша хабарламасының негізінде ғана енгізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық есебіне өзгерістер енгізген жағдайда, есептілікке соңғы түзетулер ұқсас тәртіппен енгізілуі керек.

Есептілікке түзетулер енгізген республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі және мемлекеттік мекемелер өздері бұрын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне берген есептің данасына тиісті өзгерістерді енгізуі қажет.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге өзгерістер енгізу себебі көрсетілген, басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған енгізілген өзгерістер туралы жазбаша хабарламаны жіберуге міндетті.

Мемлекеттік мекеме жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері енгізген өзгерістерге сәйкес өзіндегі есептің данасына өзгерістер енгізуге м і н д е т т і .

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық есебіне өзгерістер енгізген жағдайда, есептілікке соңғы түзетулер ұқсас тәртіппен енгізілуі керек.

7. Нысандардың мекен-жай бөлігі мынадай тәртіпте толтырылады:

"Орналасқан орны" деректемесі - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандары кодтарының анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің орналасқан орны көрсетіледі;

"Функциялық топ" деректемесі - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан функционалдық тобының атауы мен коды;

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деректемесі - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан функционалдық тобының атауы мен коды;

"Бюджеттік бағдарлама" деректемесі - бюджеттік бағдарламаның атауы мен к о д ы ;

"Кіші бағдарлама" деректемесі - кіші бағдарламаның атауы мен коды;
"Мемлекеттік мекеменің атауы" деректемесі - Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің атауы және оның коды;

"Кезеңділігі" деректемесі - есептілік кезеңі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деректемесі - мемлекеттік мекемелер есептерінде тенге, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жиынтық есептерінде теңге;

"КҰЖЖ" коды - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші ретінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 10 қаулысымен бекітілген және күшіне енгізілген Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуішіне сәйкес мемлекеттік мекеменің коды көрсетіледі.

8. Жылдық есеп есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша, тоқсандық есептер - ағымдағы қаржы жылының 1 шілдегі және 1 қазандағы жағдай бойынша жасалады.

Жылдық есеп 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда күнтізбелік жыл үшін жасалады.

9. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін есептілікті ұсыну мерзімін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар белгілейді. Осы мерзімдерді ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің есептілікті ұсыну мерзімін белгілейді. Есептілікті ұсыну мерзімінің кестесі есептілікті ұсыну күніне дейін мемлекеттік мекемелерге жеткізіледі.

Есептілік беттері нөмірленген және алғы сөзі бар кітапша түрінде ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есептілікті тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есептілікті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады. Есеп берілген күн оны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кеңсесінде тіркеген күн болып есептеледі.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әрбір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебін тексеру және қабылдау рәсімі есеп берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бір қаладағы мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсыну күні оны іс жүзінде тиесілігіне қарай табыс еткен күн, ал басқа қаладағылар үшін - почта кәсіпорнының, бірақ есептілікті ұсыну күніне дейін 5 күннен кешіктірмей

штемпелінде көрсетілген оны жіберген күн болып есептелінеді.

Есептерді ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс күнге (жұмыс емес күнге) сәйкес келген жағдайда, есеп одан кейінгі бірінші жұмыс күнінде ұсынылады.

10. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне белгіленген мерзімде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындау үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.

11. Есептілікті жасаған кезде "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп және есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережеде айтылған есептілік нысандарын толтыру тәртібі туралы нұсқауларды басшылыққа алу қажет.

2. Жылдық, тоқсандық есептілік көлемі

Ескерту. 2-бөлімнің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік мекемелер ұсынатын жылдық, тоқсандық есептілік (осы Ережеге 1-қосымша) көлемінде мынадай нысандар қамтылады:

баланс - бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтамамен бірге N 1 нысан (осы Ережеге 3-қосымша);

қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп - N 2 нысан (осы Ережеге 4 - қ о с ы м ш а) ;

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп - N 4 нысан (осы Ережеге 5-қ о с ы м ш а) ;

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп - жиынтық N 4 нысан (осы Ережеге 6 - қ о с ы м ш а) ;

жеке немесе заңды тұлға оларды қайтару шарттарында мемлекеттік мекемеге беретін ақша бойынша есеп - 4-д нысан (осы Ережеге 7-қосымша);

демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша түсімдері және оның жұмсалуды туралы есеп - 4-дк-нысан (осы Ережеге 8-қосымша);

демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды туралы есеп - N 4-дк-жиынтық нысан (осы Ережеге 28-қосымша);

шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп - N 4-в нысан (осы Ережеге 9 - қ о с ы м ш а) ;

активтердің қозғалысы туралы есеп - N 5 нысан (осы Ережеге 11-қосымша);
материалдық қорлардың және төмен бағалы және тез тозатын заттардың қозғалысы туралы есеп - N 6 нысан (осы Ережеге 12-қосымша);
өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы есеп - N 7 нысан (осы Ережеге 13-қосымша);
зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды, жерлеуге арналған жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу туралы есеп - N 8-зт нысан (осы Ережеге 14-қосымша) ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы есеп - N 9 нысан (осы Ережеге 15-қосымша) ;

мемлекеттік мекемелерде активтердің, материалдық құндылықтардың және ақша қаражаттарының жетіспеушілігі мен ұрлану туралы есеп - N 10 нысан (осы Ережеге 16-қосымша) ;

сыртқы қарыздар бойынша есеп - N 11-нысан (осы Ережеге 17-қосымша);

гранттар бойынша есеп - N 12 нысан (осы Ережеге 18-қосымша);

республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер - N 15 нысан (осы Ережеге 21-қосымша);

жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер - N 16 нысан (осы Ережеге 22-қосымша);

республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша кредиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер - N 17 нысан (осы Ережеге 23-қосымша);

жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің балансының есеп айырысу баптары бойынша кредиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер - N 18 нысан (осы Ережеге 24-қосымша);

шығыстар бойынша жиынтық есеп - N 4-20 нысан (осы Ережеге 25-қосымша)

;

есеп айырысудың аккредитивтік нысанын пайдалана отырып, бюджет қаражатын пайдалану туралы есеп -N 19 нысан (осы Ережеге 27-қосымша).

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

13. Жылдық және тоқсандық есептерге бюджет бойынша қаржыландыру жоспарының және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша

түсімдері мен шығыстары жоспарының орындалуына әсерін тигізген негізгі факторлар, сондай-ақ кассалық шығыстардың іс жүзіндегі ауытқу себептері және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) мен шығыстардың экономикалық сыныптама ерекшеліктері бөлінісінде қаржыландыру жоспарларының орындалмау себептері баяндалатын түсіндірме жазба міндетті түрде қоса беріледі. Түсіндірме жазбада жүргізілген түгендеу, дебиторлық және кредиторлық берешектердің пайда болу салдары көрсетіле отырып, олардың жағдайының нәтижелері туралы деректер көрсетілуі қажет. Есепке түсіндірме жазбада материалдық құндылықтардың және ақша қаражаттарының жетіспеуін мемлекеттік мекеменің есебінен шығаруын, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін кредиторлық берешектің пайда болу себептерін көрсету қажет. Бұдан басқа, кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша тиісті бюджетке кейіннен аудара отырып, жаңа қаржы жылы бюджеттік шотқа міндетті түрде қайтарылуы тиіс, ағымдағы қаржы жылы бюджеттік шотқа есепке алу үшін тапсырылмаған мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақша қалдықтарының пайда болу себептерін көрсету керек.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен қаражат алған мемлекеттік мекемелер түсіндірме жазбада алған және пайдаланылған резерв қаражаттары, ал пайдаланылмаған қаражаттардың қалдығы болған жағдайда - олардың пайдаланылмау немесе ішінара пайдаланылмау себептері жөніндегі ақпарат көрсетілуі қажет.

Жылдық және тоқсандық есептерге түсіндірме жазбадағы ақпарат қысқа жазылуы және мынадай бөлімдер бойынша түсінік беруді қамтуы тиіс: жалпы ережелер; балансының деректерін түсіндіру; қаржыландыру жоспарының орындалуы мен оның кассалық және іс жүзіндегі атқарылуына әсер ететін себептері; есеп құрамына енгізілген есептіліктің басқа нысандары бойынша түсіндіру; бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде есепті кезең ішінде қабылданған міндеттемелер туралы ақпарат.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Түсіндірме жазбасымен бірге жылдық және тоқсандық есептерге мемлекеттік мекеменің басшысы, бас бухгалтер немесе мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға қол қ о я д ы .

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісін жиынтық есептілікке бірінші қол қою құқығы осы органның басшысында немесе белгіленген тәртіппен оны алмастыратын тұлғада, екінші қол қою құқығы - бас бухгалтерде

б о л а д ы .

Есептілікпен қоса берілген барлық нысандарда басшы мен бас бухгалтердің қолының қасына міндетті түрде қойылған қолды таратып жазу қажет (аты-жөні және тегі).

15. Мемлекеттік мекемелердің жылдық және тоқсандық есептерінің нысандары бойынша негізгі көрсеткіштерді келісу осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес схема бойынша жүргізіледі.

16. Мақсатты трансферттер алған облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары "Қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп" N 2 нысаны бойынша алынған қаражат туралы есептілікті және оларға түсіндірме жазбаны жасайды және оларды "Баланс" N 1 нысанын ұсынбай-ақ мақсатты трансферттерді алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне береді.

16-1. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшілігі сыртқы қарыздар бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға және сыртқы қарыз есебінен нысаналы трансферттер алынған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 3 күні N 11-а нысаны бойынша ай сайын Есеп береді (осы ережеге 29-қосымша). Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есепті қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне айдың 5 күні беріледі.

044-жол бойынша республикалық бюджеттен жыл басынан бастап түскен сыртқы қарыздар есебінен нысаналы трансферттер сомасы көрсетіледі – барлығы бірыңғай бюджет сыныптаушының кіріс кодтары бойынша; 050 жол бойынша – жыл басынан бастап жұмсалған қаражат сомасы – барлығы (оның ішінде е р е к ш е л і к т е р б о й ы н ш а) .

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі және бюджетті атқару жөнінде жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есептен алынған деректерді тиісті бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетеді .

N 11-а нысан айлық есептілік болып табылады.

Ескерту. 16-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2008.10.28 N 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

17. Республикалық бюджеттен ұсталатын, бірақ тиісті мақсаттарға жергілікті бюджеттен рұқсаттар алатын мемлекеттік мекемелер (ішкі істер органдары) N 2 нысан бойынша Қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есепті тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға, ал есептілікті нысандарын толық көлемінде жоғары тұрған органға ұсынады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1 7 - 1 . < * >

Ескерту. 17-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2008.10.28 N 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

18. Министрлікті және өзге де атқарушы органды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліну) кезінде мүліктік құқықтар мен міндеттемелер біріктіру және қосу кезінде - тапсырып беру актісіне сәйкес, ал бөлген және бөлінген кезде - бөлу балансына сәйкес құқықтық мирасқорға беріледі. Бөлу балансы әр бөлінетін мемлекеттік мекеме үшін бір данадан жасалады. Тарату кезінде "Баланс" N 1-нысаны бойынша тарату балансы жасалады.

Жылдық есептілік нысанының көлемінде беру күнгі бөлу немесе тарату балансы қамтылады және оны бюджетті атқару жөніндегі орталық атқарушы органға әрбір министрлік немесе өзге де атқарушы орган бойынша жеке есептермен бірге беріледі.

19. Бір бағыныстан екінші бағынысқа берілетін мемлекеттік мекемелер жылдық есеп нысандарының көлемінде беру күні есеп жасайды және оны жоғары тұрған органға бұрынғы бойынша және жаңа бағыныс бойынша ұсынады .

20. Мемлекеттік мекемелер есептілікті нысандардың толық көлемінде екі данада жасайды, оның біреуі жоғары тұрған органға жіберіледі. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерден есептілікті қабылдауы және тексеруі осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Жылдық және тоқсандық есептіліктің мамандандырылған нысандарының үлгілерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері дайындауы мүмкін.

3. Ағымдағы бухгалтерлік есеп шоттарын жабу тәртібі

22. Мемлекеттік мекемелер жылдық, тоқсандық есептерді тиісті құжаттармен расталған тексерілген бухгалтерлік жазбалардың негізінде жасайды. Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоты бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі.

23. Баланс баптарының деректері есепті жылдың аяғында жүргізілген түгендеудің нәтижелерімен расталуы керек және бұл ретте байқалған алшақтық

жылдық есеп ұсынылғанға дейін реттелуі тиіс.

Т ү г е н д е у д і :

жылдық есептілікті жасаудан бұрын;
материалдық-жауапты тұлғаларды алмастырған кезде (қабылдау-беру күні);
ұрлану немесе зиян келтіру, сондай-ақ құндылықтардың бүліну фактілері
а н ы қ т а л ғ а н к е з д е ;

өрт немесе табиғат апаттары жағдайында;
мемлекеттік мекемені заңды тұлға ретінде таратқан, қайта ұйымдастырған
кезде (біріктірген, қосқан, бөлген және бөлінген кезде) жүргізу міндетті.

Түгендеу кезінде анықталған активтердің, материалдық құндылықтардың
және бухгалтерлік есеп деректері бар ақша қаражаттарының іс жүзіндегі болу
алшақтығы мынадай тәртіппен реттеледі:

артық деп танылған активтер, материалдық құндылықтар мен ақша
қаражаттары кейіннен артық болу себебін белгілеп, кіріске алуға жатады;

активтердің, материалдық құндылықтардың және ақша қаражаттарының
жетіспеушілігі мен ұрлануы белгіленген сомалар, сондай-ақ материалдық
құндылықтардың бүлінуі салдарынан жоғалған сомалар кінәлі тұлғалардың
шотына жатқызылады.

24. Мемлекеттік мекемелерге берілген рұқсаттар ағымдағы қаржы жылының
31 желтоқсанына дейін күшінде болады. Ағымдағы қаржы жылының 31
желтоқсанына дейін пайдаланылмаған рұқсаттардың күші жойылады.

25. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын
мемлекеттік мекемелер бюджеттік қаражаттардан басқа өзінің иелігінде
тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан, демеушілік және
қайырымдылық көмектен, алдын ала айтылған үстемақымен немесе онсыз ол
бірінші талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзім өткеннен кейін, толық
немесе бөліктермен қайтарылуы тиіс пе, қарамастан, атаулы түрінде оларды
қайтару шарттарында жеке немесе заңды тұлға, тікелей жеке немесе заңды тұлға
беретін, немесе тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілген
ақшаны (бұдан әрі - жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру
ақшасы), шетел валютасындағы қаражатты, сыртқы қарыздар мен гранттар
бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттарында және
шоттардағы шетел валютасынан түсетін ақшаны иелене алады

*Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4
сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн
өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

26. Дебиторлық берешек сомалары өндіріліп алынуы, ал кредиторлық
берешек - өтелуі керек. Дебиторлармен және кредиторлармен аяқталмаған есеп
айырысуларға есепке түсіндірме жазбада түсініктеме берілуі тиіс.

Есеп беретін тұлғалардан аванстық есептер, сондай-ақ пайдаланылмаған сомалардың қалдықтары уақытылы талап етілуі қажет.

27. Бюджет бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы жөніндегі ағымдағы есептің шоттарын жабу мынадай тәртіпте жүргізіледі. 230 "Мемлекеттік мекеменің және басқа да іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шоттың дебетіне (140 "Мемлекеттік мекеменің және басқа да іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есеп айырысу") инвестициялық жоба аяқталғаннан кейін есептен шығарылатын, сыртқы қарыздың есебінен инвестициялық жобаны іске асыруға арналып мемлекеттік бюджеттен бөлінген бірлесіп қаржыландыру сомасын қоспағанда, 200 "Мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа да іс-шараларға бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдық;

201 "Ғылыми әзірлемелерге арналған шығыстар" қосалқы шоты бойынша аяқталған және қабылданған ғылыми әзірлемелер бойынша шығыстар есептен шығарылады.

Егер бюджет бойынша іс жүзіндегі шығыстардың сомасы 230 "Мемлекеттік мекеменің және басқа іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шот немесе 140 "Мемлекеттік мекеменің және басқа іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер" қосалқы шот бойынша қаржыландыру қалдығынан асып кетсе, шығыстарды есептен шығару осы қосалқы шоттар бойынша қалдыққа тең сомада жүргізіледі.

231 "Күрделі жұмсалымдарды бюджеттен қаржыландыру" және 143 "Күрделі жұмсалымдарды бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шоттарының дебетіне:

093 "Күрделі жұмсалымдарға рұқсаттар", 103 "Жергілікті бюджеттер бойынша күрделі жұмсалымдарға рұқсаттар" қосалқы шоттары бойынша 31 желтоқсанда жабылған қаражаттар қалдығының сомасы;

203 "Күрделі жұмсалымдарға бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша аяқталған және пайдалануға берілген жаңадан салынған және жаңғыртылған объектілер бойынша шығындар есептен шығарылады.

234 "Трансферттер бойынша қаржыландыру" қосалқы шотының дебетіне 205 "Трансферттер бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша сома есептен шығарылады.

200 "Мемлекеттік мекемені және басқа іс-шараларды ұстауға бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шот бойынша іс жүзіндегі шығыстарды 238 "Мемлекеттік мекемені ұстауға арналған өзге де қаражаттар" қосалқы шотына есептен шығару жыл аяғындағы осы қосалқы шоттағы қаражаттардың қалдығына тең сомада жүргізіледі, қалған сома 230 "Мемлекеттік мекеменің және басқа іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру" (140 "Мемлекеттік

мекеменің және басқа іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер") қосалқы шотқа жатқызылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

28. Өзге де қорлармен айналысатын мемлекеттік мекемелер жыл аяғында 215 "Өзге де қорлар есебінен шығыстар" қосалқы шоты бойынша іс жүзіндегі шығыстар 272 "Өзге де қорлар" қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен жабылады. Аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша шығындар жыл ішінде 216 "Күрделі жұмсалымға арналған өзге де қорлар есебінен шығыстар" қосалқы шотына есептелінеді, ал жыл аяқталған соң 272 "Өзге де қорлар" қосалқы шотының дебетіне есептен шығарылады.

29. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша бойынша ағымдағы есептің шоттарын жабу 400 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кірістер" қосалқы шот бойынша жыл аяғындағы қалдық шегінде 400 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кірістер" қосалқы шотының дебетінде 211 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша есебінен шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдықты есептен шығару арқылы жүргізіледі.

Аз көлемде өнім шығарылатын, 400 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кірістер" және 211 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша есебінен шығыстар" қосалқы шоттарда кірістер мен шығыстар есебін жүргізетін қосалқы ауыл шаруашылық және өндірістік (оқу) шеберханалары бойынша жыл аяғында аяқталмаған өндіріске жататын шығындар сомасы қалуына болады.

30. Жыл соңында аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша, сондай-ақ шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатпайтын басқа да шығындар 212 "Өзге қаражаттар есебінен күрделі жұмсалымдарға шығыстар" қосалқы шоттың кредитінен 400 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кірістер", 246 "Өндірістік және әлеуметтік даму қоры" қосалқы шоттардың дебетіне есептен шығарылады. Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша шығындар 212 "Өзге қаражаттар есебінен күрделі жұмсалымдарға шығыстар" қосалқы шоты бойынша баланста қалады.

31. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша жоспарланатын өндірістік (оқу) шеберханалары мен қосалқы ауыл шаруашылығы бойынша шоттарды жабу шығындардың есебі және 080 "

Өндірістік (оқу) шеберханалардың шығындары" және 280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" қосалқы шоттарында жүргізілетін өнімдер мен бұйымдарды сату шығарылған өнімдерді, бұйымдар мен көрсетілген қызметтерді сату нәтижелерін шаруашылықты табысты жүргізген жағдайда 280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" қосалқы шоты дебетінен 410 "Пайдалар мен зияндар" қосалқы шотының кредитіне, ал зияндар пайда болған жағдайда - 410 "Пайдалар мен зияндар" қосалқы шот дебетіне 280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" қосалқы шот кредитінен есептен шығару жолымен жүргізіледі.

32. Ағымдағы қаржы жылында игеру аяқталған сыртқы үкіметтік қарыздар есебінен болатын жобалар бойынша шығыстар жылдың аяғында есептен шығарылады, бұл ретте 249 "Сыртқы қарыздар және гранттар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 204 "Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Ағымдағы қаржы жылында игеру аяқталған гранттар есебінен болатын жобалар бойынша шығыстар жылдың аяғында есептен шығарылады, бұл ретте 245 "Гранттар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 209 "Гранттар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

33. Балансқа мемлекеттік мекеме мынадай шоттар бойынша: бюджеттік шот, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін түсімдер және олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоттары бойынша (бұдан әрі - ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ), алдын ала айтылған үстемақымен немесе онсыз ол бірінші талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзім өткеннен кейін, толық немесе бөліктермен қайтарылуы тиіс пе, қарамастан, атаулы түрінде оларды қайтару шарттарында жеке немесе заңды тұлға, тікелей жеке немесе заңды тұлға беретін, немесе тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілген ақша бойынша (бұдан әрі - жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасының ҚБШ), оларға қызмет көрсету және тағайындау орнына қарай шетел валютасындағы шот бойынша және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттары бойынша операцияларды енгізуі тиіс.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Жазбалар түпкілікті аяқталғаннан кейін келесі жылдың 1 қаңтарына N 1 нысан бойынша қорытынды Баланс жасалады.

4. Жылдық, тоқсандық есептілік нысандарын толтыру тәртібі

35. N 1 нысан бойынша баланс актив және пассив болып екі бөліктен тұрады.

Актив - баланстың бірінші бөлігі, тоғыз бөлімнен тұрады. Актив мемлекеттік мекеменің бюджет қаражаттарының құрамын, орналасуын және пайдаланылуын сипаттайды. Онда мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоттағы, ақылы қызметтер бойынша ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ, жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасының ҚБШ және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнаулы шоттарындағы, кассадағы қаражаты, бюджетпен есеп айырысу және басқа да есеп айырысулар көрсетіледі.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Баланс активінің "Активтер" бөлімінде мемлекеттік мекемеге бүкіл тиесілі бюджеттік қаражаттар, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша, шетел валютасындағы шоттар және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнаулы шоттары есебінен сатып алынған активтер, оның ішінде бастапқы құны бойынша жалға берілген, яғни оларды сатып алған іс жүзіндегі шығын бойынша ғимараттар, дайындаулар көрсетіледі. Активтердің бастапқы құнының өзгеруі қосымша күрделі жұмсалымдарды немесе бөлшектеп таратуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жүргізілген активтерді бағалауды жүзеге асырылған жағдайда ғана жүргізіледі.

010 "Активтер" жолы бойынша баланста жеке жолда көрсетілетін 014 "Материалдық емес активтер" қосалқы шотын қоспағанда, 010-нан 019-ды қоса алғанда қосалқы шоттарда ескерілетін мемлекеттік мекемелердің барлық активтерінің құны көрсетіледі.

Жалға берілген активтер бұл жолға енгізілмейді және 01 "Жалға берілген активтер" баланстан тысқары шотына ескеріледі.

011 "Материалдық емес активтер" (014) жолы бойынша жерді, суды, пайдалы қазбаларды және басқа да табиғи ресурстарды, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды пайдалану құқығының; тауарлық белгілеріне және тауарлық маркаларды беру құқығына лицензиялардың, сондай-ақ өзге де мүліктік құқықтардың, делдалдық орындардың, гудвилл, бағдарламалық қамтамасыз ету, ұйымдастыру шығыстарының, маркетинг және басқа да активтердің құны көрсетіледі. Материалдық емес активтер есепте оларды сатып алуға және дайын жағдайға келтіруге арналған іс жүзіндегі шығындар сомасында көрсетіледі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4

сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Баланс активінің "Материалдық қорлар" бөлімінде мемлекеттік мекемеге тиесілі құрылыс материалдары, қондырғы жабдықтар, материалдар, тамақ өнімдері, отын және жанар май, мал азығы, жемшөп, ыдыс, машиналарға және жабдықтарға босалқы бөлшектер, қосалқы шаруашылықтардың өнімдері мен бұйымдары, мал төлдері мен бордақылаудағы малдар, оқу, ғылыми және басқа мақсаттарға арналған материалдар, сондай-ақ ұзақ қолданылатын және зертханалық сынаққа арналған материалдар көрсетіледі.

020-070 жолдар бойынша 03 "Бұйымдар мен өнімдер", 04 "Жабдықтар, құрылыс материалдары мен ғылыми зерттеулерге арналған материалдар", 05 "Мал төлдері мен бордақылаудағы малдар", 06 "Материалдар мен тамақ өнімдері" шоттарда ескерілетін материалдық құндылықтардың, қосалқы шаруашылық өнімдері мен бұйымдары, мал төлдері мен бордақылаудағы малдардың құны көрсетіледі.

38. Баланс активінің "Арзан құнды және тез тозатын заттар" бөлімінде мемлекеттік мекемеге тиесілі оларды сатып алу құны бойынша қоймадағыларды қоса алғанда, арзан құнды және тез тозатын барлық заттар (бұдан әрі - АТЗ) көрсетіледі.

080 "Арзан құнды және тез тозатын заттар" жолы бойынша АТЗ-ның, оның ішінде 070-073 қосалқы шоттарда ескерілетін арнайы киімдер мен арнайы аяқ-киімдердің құны көрсетіледі.

39. Баланс активінің "Өндіріске және басқа да мақсаттарға арналған шығындар" бөлімінде өндірістік (оқу) шеберханалардың, қосалқы ауыл шаруашылығы мен оқу-тәжірибелік шаруашылықтардың бұйымдары мен өнімдерін дайындауға арналған, баспа өнімдерін шығару және қызмет көрсетулер жөніндегі шығындар, сондай-ақ материалдарды дайындау және ұқсату жөніндегі шығындар көрсетіледі.

Бұл бөлімнің 090-130 жолдары бойынша 08 "Өндіріске және басқа да мақсаттарға арналған шығындар" шотында ескерілетін шығындар көрсетіледі.

40. Баланс активтінің "Ақша қаражаттары" бөлімінде мемлекеттік мекеменің бюджет шотындағы операциялардың есебі, ақылы қызметтер бойынша ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ, жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасының ҚБШ шетел валютасындағы шоттардағы және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттарындағы ақша, кассадағы ақша, сондай-ақ өзге де ақшалар құжаттар көрсетіледі.

140 "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған рұқсаттары" (090) жолы бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған

рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі.

150 "Күрделі жұмсалымдарға арналған рұқсаттар" (093) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға арналған рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі.

152 "Трансферттер бойынша рұқсаттар" (095) жолы бойынша жалпы сипаттағы трансферттерді, нысаналы ағымдағы трансферттерді, дамуға арналған нысаналы трансферттерді қаржыландыруға арналған рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі.

160 "Басқа да бюджеттердің есебінен рұқсаттар" (096) жолы бойынша басқа да бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауға берілген рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі.

161 "Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша рұқсаттар" (098) жолы бойынша - мемлекеттік мекеменің шығыстарына және республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдердің есебінен басқа да іс-шараларға арналған рұқсаттардың сомасы көрсетіледі.

162 "Сыртқы заемдардың және байланысты гранттардың есебінен жобалар бойынша рұқсаттар" (099) жолы бойынша есепті жылдың басынан бастап сыртқы заемдардың және байланысты гранттардың есебінен жобалар бойынша қаржыландыруға рұқсаттардың сомасы көрсетіледі.

170 "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған рұқсаттары" (100) жолы бойынша мемлекеттік мекемені ұстауға бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың берген рұқсаттары сомасының қалдығы көрсетіледі.

171 "Жергілікті бюджеттер бойынша күрделі жұмсалымдарға рұқсаттар" (103) жолы бойынша жергілікті бюджеттерден бөлінген күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға арналған рұқсаттардың қалдығы көрсетіледі.

172 "Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша рұқсаттар" (108) жолы бойынша - мемлекеттік мекеменің шығыстарына және жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдер есебінен басқа да іс-шараларға арналған рұқсаттар көрсетіледі.

190 "қайырымдылық, демеушілік көмектің ҚБШ" (110) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің қайырымдылық, демеушілік көмектен алған ақшасының қалдығы көрсетіледі.

200 Ақылы қызметтер бойынша ҚБШ (111) жолы бойынша мемлекеттік

мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын орындауға байланысты операциялар бойынша ақша қалдығы көрсетіледі.

210 "Жеке немесе заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастырудың ҚБШ" (112) жолы бойынша жеке немесе заңды тұлға қайтарымдылық шарттарында мемлекеттік мекемеге беретін ақшаның қалдығы көрсетіледі.

211 "Сыртқы қарыздар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнаулы шоты" (113) жолы бойынша сыртқы қарыздар бойынша арнаулы шоттағы қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.

212 "Мемлекеттік мекеменің карт-шоты" (114) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің карт-шотындағы қаражат қалдығы көрсетіледі.

213 "Есеп айырысу шоты" (115) жолы бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және өзге де ұйымдардың шетелдік мекемелерін ұстауға түскен бюджеттік қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.

214 "Гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнаулы шоты" (116) жолы бойынша гранттар бойынша арнаулы шоттағы қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.

215 "Шетел валютасындағы шот" (118) жолы бойынша есепті жылдың соңғы күнінде қолданылған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша шетел валютасын қайта есептеу жолымен алынған валюталық қаражат қалдығы Қазақстан Республикасының валютасымен көрсетіледі.

216 "Жолдағы ақша" (119) жолы бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдік мекемелердің шығыстарын қаржыландыруға аударған, бірақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдік мекемелерінің есеп айырысу шотына түспеген сома көрсетіледі.

220 "Касса" (120) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің кассасындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

230 "Аккредитивтер" (130) жолы бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге ақы төлеу бойынша берушілер алдында туындаған мемлекеттік мекемелердің міндеттемелеріне сәйкес ашылған аккредитивтердің қалдығы көрсетіледі.

231 "Ақша құжаттары" (132) жолы бойынша әртүрлі ақша құжаттардың: бензин мен майға, тамақтануға төленген талондар, демалыс үйлеріне, санаторийлерге, турбазаларға төленген жолдамалар, почта аударымдарына алынған хабарламалар, почта маркалары мен мемлекеттік баж маркалары, қарыз облигациялары (сақтауға және т.б. тапсырылған), еңбек кітапшасының бланкілері мен оларға ішпектер және т.б. қалдығы көрсетіледі.

232 "Қаржылық жұмсалымдар" (134) жолы бойынша банктер депозиттеріне

мемлекеттік мекемелердің жұмсалымдарының (инвестицияларының) сомасы, ұйымның бағалы қағаздары, мемлекеттік және жергілікті қарыздардың проценттік облигациялары көрсетіледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

41. Баланс активінің "Есеп айырысулар" бөлімінде баланста есеп айырысуды көрсететін бухгалтерлік есеп шоттары бойынша қалдықтар ашық күйде көрсетіледі: баланс активінде дебеттік сальдосы бар (дебиторлық берешек), пассивте - кредиторлық сальдосы бар (кредиторлық берешек) шоттар бойынша қ а л д ы қ т а р .

239 (551 пассивте) "Сыртқы қарыздар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысулар" (151) жолы бойынша сыртқы қарыздар есебінен сатылатын жобалар бойынша орындалған жұмыстар (қызмет көрсетулер) үшін тапсырысшыларға (берушілерге (мердігерлерге)) берешек сома көрсетіледі.

240 (552 пассивте) "Ғылыми әзірлемелер бойынша есеп айырысулар" (152) жолы бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық жұмыстар және басқалар жөніндегі тапсырыстарды орындауы бойынша берешек с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

241 (553 пассивте) "Орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырысшылармен есеп айырысулар" (153) жолы бойынша кәсіптік-техникалық мектептерде тапсырысшылардың (тапсырысшыларға) олар үшін орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер мен сатылған дайын бұйымдар үшін берешек, сондай-ақ оқушылардың өндірістік оқу процесінде орындаған жұмыстары үшін ұйымдардың берешек сомасы көрсетіледі.

250 (560 пассивте) "Гранттар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысулар" (155) жолы бойынша берушілер мен мердігерлерге жоба бойынша орындалған жұмыстар (қызметтер) үшін берешек сомасы көрсетіледі.

261 "Тапсырыс берушілердің жұмыстар мен қызметтер үшін аванстары бойынша есеп айырысулар" (157) жолы бойынша шарт бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау үшін аванс ретінде ұйымнан (тапсырысшыдан) түскен сома, 571 жолы бойынша пассивте осы шот бойынша баланста - шарт бойынша орындалған жұмыстар мен қызметтер үшін берешек сома көрсетіледі.

262 "Әлеуметтік салықтың жарналары бойынша есеп айырысулар" (159) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің бюджетке артық аударған әлеуметтік салық сомасы, 580 жол бойынша пассивте - мемлекеттік мекемелердің бюджетке әлеуметтік салықты төлеу бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

270 "Есеп беретін тұлғалармен есеп айырысулар" (160) жолы бойынша іссапар шығыстарына, сондай-ақ қолма қол ақшасыз есеп айырысу жолымен жүргізілуі мүмкін шығыстарды төлеуге арналған оларға берілген аванстар бойынша есепті тұлғаларға берешек сома көрсетіледі. 160 қосалқы шот бойынша кредит қалдықтары 581 жол бойынша баланс пассивінде көрсетіледі.

280 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" (170) жолы бойынша активтердің, материалдық құндылықтардың және ақша қаражаттарының жетіспеушілігі мен ұрлануы бойынша берешек сома, кінәлі тұлғалардың есебіне жатқызылған материалдық құндылықтардың бүлінуінен шеккен зиян сомасы және белгіленген тәртіпте ұсталуға тиісті басқа да сомалар көрсетіледі.

290-жол бойынша (171) "Уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы жөніндегі есеп айырысулар" мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша есептелген жәрдемақы берешектерінің сомасы көрсетіледі, 582-жол бойынша пассивте уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы берешегінің қалдығы көрсетіледі.

300 (590 пассивте) "Төлемдердің арнайы түрлері бойынша есеп айырысулар" (172) жолы бойынша жеті жылдық музыка мектептеріндегі балаларды оқытуға; мектеп-интернатта тәрбиеленушілерді ұстауға; жұмысшылар мен қызметшілердің нысанды киімдеріне; мектеп жанындағы интернаттардағы балаларды тамақтандыруға арналған берешек сома көрсетіледі.

301 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша есеп айырысулар" (173) жолы бойынша артық аударылған төлемдердің нәтижесінде жиналған бюджетке қайтаруға жататын берешек сома, 600 пассивте жолы бойынша - бюджетке төленетін жарнаға жататын, бірақ есепті жылдың аяғында қандай да бір себеп бойынша аударылмаған салықтар бойынша берешек сома, сондай-ақ бюджетке аударылуға жататын басқа да сомалар көрсетіледі.

302 "Шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беруге алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" (175) жолы бойынша жергілікті бюджеттерден шағын және орта бизнеске кредит беруге бөлінген кредиттер көрсетіледі.

310 (640 пассивте) "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде өзге де дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" (178) жолы бойынша осы бөлімде көрсетілмеген бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде шоттар бойынша мемлекеттік мекеменің берешек сомасы көрсетіледі.

320 "Аванстық төлемдер тәртібінде есеп айырысулар" (179) жолы бойынша есеп айырысулар әрбір мәміле бойынша (тауарды тиеу, жөнелту және қызмет көрсетулер) жеке-жеке емес, ал тараптармен алдын ала келісілген мерзімде және мөлшерде қаражаттарды дүркін-дүркін аудару жолымен жүзеге асырылатын

берушілерге берешек сома көрсетіледі.

321 "Қолма-қол тиындардың ақша айналымынан алынуына байланысты есеп айырысулар" (188) жолы бойынша соманы бір теңгеге дейін дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде артық төленген тиындардың қалдық сомасы көрсетіледі, 671-жол бойынша пассивте жалақының, стипендияның төленбеген қалдық сомасының қалдығы, атқару парақтары бойынша ұсталған төленбеген сомалардың, соманы бір теңгеге дейін дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде тиындармен есепті тұлға алдындағы берешек сомалардың қалдықтары көрсетіледі.

322 "Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар" (191) жолы бойынша зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөніндегі берешек сома, активте - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленбеген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша берешек сома, пассивте (681 жол) Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша нақты шығыстар көрсетіледі.

323 "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыруға арналған трансферттер бойынша есеп айырысулар" (192) жолы бойынша - міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жұмыс берушілердің шоттарына аударылған сомалар көрсетіледі.

324 "Нысаналы трансферттер бойынша есептеулер" (194) жолы бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне бөлінген жете пайдаланылмаған нысаналы трансферттердің сомасын көрсетеді.

325 "Міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" (198) жолы бойынша міндетті зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары бойынша, активте - артық аударылған төлемдер нәтижесінде жинақталған, пассивте (683 жол) - қандай да бір себептер бойынша аударылмаған берешек сома көрсетіледі.

326 "Ішкі кредит беру бойынша есеп айырысулар" (199) жолы бойынша - қайтарымды негізде ішкі кредит берудің міндеттемелері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік білімдік кредит және мемлекеттік студенттік кредит бойынша берешектердің қалдығы көрсетіледі.

327 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша есептеулер" (195) жолы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына мемлекеттік мекеме артық аударған міндетті әлеуметтік аударымдардың сомасы, пассивте 684-жол бойынша - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарды төлеу жөніндегі мемлекеттік мекеменің берешек сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) 2008.10.28 N 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

42. Баланс активінің "Шығыстар" бөлімінде қаржыландыру жоспары бойынша көзделген іс-шараларға арналған қаражат бойынша мемлекеттік мекемелер жүргізетін іс жүзіндегі шығыстар, сондай-ақ басқа да бюджеттерден алынған шығыстар ескеріледі. Тоқсандық есепте іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы, жылдықта - жабылмаған іс жүзіндегі шығыстар сомасының қалдығы көрсетіледі.

330 "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа да іс-шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар" (200) жолы бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде бюджеттік қаржыландыру есебінен жүргізілген іс жүзіндегі шығыстар сомасы көрсетіледі.

331 "Ғылыми әзірлемелерге арналған шығыстар" (201) жолы бойынша аяқталмаған ғылыми әзірлемелер (ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық жұмыстар және басқалар), сондай-ақ аяқталған, бірақ қабылданбаған ғылыми әзірлемелер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

340 "Басқа да бюджеттер есебінен шығыстар" (202) жолы бойынша осы мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарында көзделмеген іс-шараларды орындау үшін басқа да бюджеттерден алынған рұқсаттардың есебінен жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

341 "Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша қарыздар" (204) жолы бойынша сыртқы қарыздар есебінен жобаларды іске асыру барысында іс жүзінде жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

342 "Бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа да іс-шараларға арналған шығыстар" (208) жолы бойынша - қарызға алынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіге қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда, мемлекеттік мекеменің бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс іс жүзіндегі шығыстарының сомасы көрсетіледі.

343 "Гранттар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" (209) жолы бойынша гранттар есебінен жобаларды іске асыру барысында іс жүзінде жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

344 "Трансферттер бойынша шығыстар" (205) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің алған трансферттері есебінен жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

350 "Бөлуге арналған шығыстар" (210) жолы бойынша есепті жылдың

аяғында жұмыстардың (объектінің) белгілі бір түріне немесе белгілі бір бұйым, өнім түрінің өзіндік құнына тікелей жатқызылмайтын шығындардың сомасы көрсетіледі.

360 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша есебінен шығыстар (211)" жолы бойынша мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша есебінен іс жүзіндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

370 "Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша және өзге де қаражаттардың есебінен шығыстар" (213) жолы бойынша - демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша және өзге де қаражаттардың есебінен іс жүзіндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

372 "Өзге де қорлар есебінен шығыстар" (215) жолы бойынша белгіленген тәртіппен құрылған министрліктердің және басқа да атқарушы органдардың өзге де қорлары есебінен жүргізілген іс жүзіндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

373 "Күрделі жұмсалымдарға арналған өзге де қорлар есебінен шығыстар" (216) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарға арналған министрліктердің және басқа да өкілдік және атқарушы органдардың өзге де қорлары есебінен іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

375 "Валюталық қаражаттар есебінен шығыстар" (220) жолы бойынша шетел валютасындағы қаражаттың есебінен іс жүзіндегі шығыстар сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

43. Баланс активінің "Залалдар" бөлімінде 380 "Залалдар" (410) жолы бойынша шығарылған өнімді, бұйымды және көрсетілген қызметтерді өткізуден алынған нәтиже (залал) көрсетіледі.

44. Баланс активінің "Күрделі құрылысқа арналған шығындар" бөлімінде бюджет бойынша күрделі жұмсалымдарға бөлінген қаражаттардың есебінен және мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша есебінен салынып жатқан (қайта құрылып жатқан) объектілерде орнатуға арналған жабдықтарды, құрылысқа қажетті материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі.

390 "Орнатуға арналған жабдық" (040) жолы бойынша орнатуға дайын құрылыс конструкциялары мен детальдардың, сондай-ақ орнатуға арналған монтаждауды қажет ететін отандық және шетелдік жабдықтардың сомасы көрсетіледі.

400 "Күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдары" (041) жолы

бойынша күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдарының және құрылыс процесінде және монтаждау жұмыстарында пайдаланылатын сома көрсетіледі.

410 "Өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" (150) жолы бойынша күрделі жұмсалымдарға бөлінген қаражаттар есебінен сатып алынған құрылыс материалдары, конструкциялар және детальдар орнату үшін жабдықтар және т.б. үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша пайда болған берешек сома көрсетіледі.

420 "Күрделі жұмсалымдарға арналған бюджет бойынша шығыстар" (203) жолы бойынша тоқсандық есепте бюджет есебінен аяқталмаған жаңа құрылыс және ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру объектілері бойынша шығындардың сомасы, сондай-ақ аяқталған, бірақ қайта бағалау есебінен пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша шығындар сомасы, ал жылдықта - жабылмаған шығыстар сомасы көрсетіледі.

430 "Басқа да қаражаттардың есебінен күрделі жұмсалымдарға арналған шығыстар" жолы бойынша мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша есебінен және гранттардан аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша, сондай-ақ жабдықтарды сатып алуға арналған шығыстар сомасы көрсетіледі.

45. 440 "Баланс" жолы бойынша 3 және 4-бағандар бойынша тиісінше 010-жолдан бастап 430-жолды қоса алғандағы жолдардың жалпы сомасы көрсетіледі.

46. Пассив - баланстың екінші бөлігі, 5 бөлімнен тұрады. Баланстың пассиві мемлекеттік мекеме бюджеті қаражаттарының пайда болу көздерін көрсетеді. Онда мемлекеттік мекеменің және күрделі құрылыстың, есеп айырысулардың, қорлардың, мемлекеттік мекеме кірістерінің шығыстарына арналған қаржыландыру көрінеді.

47. Баланс пассивінің "Қаржыландыру" бөлімінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер арасындағы қаржыландыру жоспарын орындау процесінде туындайтын бюджеттен және басқа көздерден қаржыландыру бойынша есеп айырысу көрінеді. Тоқсандық есепте бюджеттен және басқа да көздерден қаржыландыру сомасы, жылдықта - қаржыландыру сомасының қалдығы көрсетіледі.

450 "Мемлекеттік мекеменің және басқа да іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі шығыстар" (230, 140) жолы бойынша бюджеттен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

460 "Басқа да бюджеттердің есебінен қаржыландыру" (232, 142) жолы бойынша басқа да бюджеттердің есебінен жекелеген іс-шараларды жүргізуге алынған қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

462 "Трансферттер бойынша қаржыландыру" (234) жолы бойынша жалпы сипаттағы трансферттер, ағымдағы нысаналы трансферттер, дамуға арналған нысаналы трансферттер бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

480 "Мемлекеттік мекемені ұстауға арналған өзге де қаражат" жолы бойынша (238) өзге көздерден қолданыстағы тәртіпке сәйкес алынған қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

481 "Сыртқы заемдар және байланысты гранттар қаражатынан жобаларды қаржыландыру" жолы бойынша (239) сыртқы заемдар және байланысты гранттар есебінен жобаларды қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

482 "Ішкі кредит беру" жолы бойынша (247) қайтарымды негізде республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен берілген кредиттердің сомасы бойынша (ішкі кредит беру бойынша), сондай-ақ мемлекеттік білім беру кредит және мемлекеттік студенттік кредит қаражаттары бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

490 "Кредиттер" жолы бойынша (248) шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру үшін жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджеттерден беретін сомалар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банк мекемелерінен алынған өтелмеген кредит сомасы көрсетіледі.

491 "Сыртқы қарыздар" жолы бойынша (249) қарыз туралы халықаралық шартқа сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін алынған қарыздар сомасы көрсетіледі.

Жиынтық баланс жасалғанға дейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелермен қаржыландыру жөніндегі ішкі ведомстволық есеп айырысуларды салыстырылып тексеруі тиіс.

Жоғары тұрған орган балансының активіндегі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру жөніндегі есеп айырысулардың шоттары бойынша қалдықтар баланс пассивінде ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру жөніндегі есеп айырысулардың шоттары бойынша қалдықтарға сәйкес келуі тиіс. Жиынтық баланстың активінде және пассивінде осы шоттар бойынша қалдықтар өзара алынып тасталады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. N 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

48. Баланс пассивінің "Қорлар мен нысаналы мақсаттағы қаражаттар" бөлімінде мемлекеттік мекемеде бар қорлар, активтер мен материалдық емес активтердің тозуы көрсетіледі.

510, 520 "Материалдық көтермелеу қоры" (240), "Өндірістік және әлеуметтік даму қоры" (246) жолдары бойынша есепті кезеңнің соңында пайдаланылмаған

тиісті қордың қаражат қалдықтары көрсетіледі.

515 "Гранттар" жолы бойынша (245) гранттар бойынша қаражат қалдығы көрсетіледі.

530 "Активтегі қор" жолы бойынша (250) мемлекеттік мекеменің тікелей билігінде бар активтер қорына (тозуын ескере отырып) салым сомалары көрсетіледі.

533 "Өзге де қорлар" жолы бойынша (272) белгіленген тәртіппен құрылған министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де өкілдік пен орындаушы органдар қорларының қаражат қалдығы көрсетіледі.

534 "Шетел валютасындағы қаражаттың қоры" (273) жолы бойынша шетел валютасындағы қор қаражатының қалдығы көрсетіледі.

535 "Бағалы қағаздардағы қор" жолы бойынша (274) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан мемлекетке жататын акциялардың мемлекеттік пакетінің құны көрсетіледі.

540 "Активтердің тозуы" жолы бойынша (020) мемлекеттік мекеменің балансында есептелетін активтердің тозуының жалпы сомасы көрсетіледі.

541 "Материалдық емес активтердің тозуы" жолы бойынша (021) мемлекеттік мекемеге жататын материалдық емес активтердің тозуының жалпы сомасы көрсетіледі.

550 "Арзан бағалы және тез тозғыш заттардағы қор" жолы бойынша (260) мемлекеттік мекеменің тікелей билігіндегі арзан бағалы және тез тозғыш заттардың құнына тең сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Баланс пассивінің "Есеп айырысулар" бөлімінде кредит сальдосы (кредиторлық берешек) бар есеп айырысуларды көрсететін бухгалтерлік есептің шоттары бойынша қалдықтар келтіріледі.

554 "Бекітілген қаржыландыру жоспарынан тыс кредит берушілерімен есеп айырысулар" жолы бойынша (154) - мемлекеттік мекемені қаржыландырудың бекітілген жоспарынан тыс сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) берешектің сомасы көрсетіледі.

572 "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны ретінде бюджетке түсетін түсімдермен және олардың жұмсалуымен байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар" жолы бойынша (158) - алынған активтер, арзан бағалы және тез тозғыш заттар үшін, кадрларды оқыту, жабдықты жөндеу және мемлекеттік мекемеге тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны ретінде бюджетке түсетін түсімдермен және олардың жұмсалуымен байланысты операциялар бойынша көрсетілген жұмыстардың және қызметтердің басқа да

түрлері үшін берешектің сомасы.

610 "Жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасы бойынша есептеулер" (174) жолы бойынша жеке немесе заңды тұлға мемлекеттік мекемеге қайтарымдылық шарттарында берген ақшаның сомасы көрсетіледі.

620 "Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен шығыстарға алынған ақшалар бойынша есеп айырысулар" жолы бойынша (176) демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде түскен және қатаң түрде мақсатты тағайындау бойынша пайдаланылатын ақшаның есеп айырысулары көрсетіледі.

630 "Депоненттермен есеп айырысулар" жолы бойынша (177) жалақының және стипендияның, өтемақының, материалдық көмектің және белгіленген мерзімде алынбаған басқа да ақшалай төлемдердің сомасы көрсетіледі.

650 "Жұмысшылармен және қызметшілермен есеп айырысу" жолы бойынша (180) жалақы және жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша басқа да ақшалай төлемдер, жәрдемақылар бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

660 "Стипендиаттармен есеп айырысулар" жолы бойынша (181) жоғары оқу орындары студенттері мен аспиранттарының және мектептердің, колледждердің және басқа да оқушылардың стипендиялары бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

670 "Жұмысшылармен және қызметшілермен қолма-қол ақшасыз аударымдар бойынша есеп айырысулар" жолы бойынша (182-187) кредитке сатылған тауарлар үшін, салымдар бойынша банктердегі шоттарға аударылған жалақы бойынша, қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар арқылы сақтандыру төлемдерінің аударымдары бойынша, мүшелік кәсіподақ жарналарын ұстап қалу бойынша, банк мекемелерінен жұмысшылар мен қызметшілер алған несиелер үшін, жалақыдан, стипендиядан алынатын ұстап қалулар бойынша, атқарушы парақтар мен басқа да құжаттар бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

680 "Орындалған жұмыстар үшін басқа да есеп айырысулар" жолы бойынша (189) жұмыстар үшін төленетін қаламақылар және шарттар бойынша әрекет ету үшін берешектің сомасы көрсетіледі.

681 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша есеп айырысулар" жолы бойынша (191) - зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

682 "Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер бойынша есеп айырысу" жолы бойынша (193) - әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмек бойынша, жұмысшыларға және қызметшілерге келтірілген жарақаттың залалын өтеу немесе заңнамаға сәйкес олардың еңбек міндеттерін орындауына байланысты өзге де денсаулығының зақымдалуы бойынша, репатрианттарға (оралмандарға) берілетін өтемақылар бойынша, ата-аналарға, бала асырып алушыларға, қайтыс болғандардың қамқоршыларына, қайтыс болған әскери қызметшілерге берілетін

бір жолғы төлемдер бойынша, тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерді ұстау бойынша шығыстарды төлеуге әскери қызметшілерге берілетін ақшалай өтемақы бойынша, жеке тұлғаларға берілетін басқа да трансферттер бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

683 "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналар бойынша есеп айырысулар" жолы бойынша (198) - қызметкерлердің кірісінен ұсталған және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Баланс пассивінің "Өнімді сату және кірістер" бөлімінде шеберханалық, қосалқы ауыл және оқу-тәжірибе шаруашылықтары өндірістік қызметінің түпкілікті нәтижесі, жұмыстардың орындалуы және қызметтер көрсету көрсетіледі.

690 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын сату" жолы бойынша (280) сатылған дайын бұйымдардың, өндірістік (оқу) шеберханалары шығарған сатылған дайын бұйымдардың сомасы, сондай-ақ сатылған дайын баспа өнімдерінің және көрсетілген қызметтердің сомасы көрсетіледі.

700 "Қосалқы оқу ауылшаруашылығы өнімдерін сату" жолы бойынша (281) қосалқы ауыл және оқу-тәжірибе шаруашылықтары шығарған сатылған өнімдердің сомасы көрсетіледі.

720 "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін табыстар" жолы бойынша (400) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған түсімдердің сомасы көрсетіледі, онда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің билігінде қалады және белгілі мақсаттарға жұмсалады.

730 "Пайда" жолы бойынша (410) шығарылған өнімдерді, бұйымдарды және көрсетілген қызметтерді сатудан алынған нәтиже (пайда) сомасы көрсетіледі.

51. Баланс пассивінің "Күрделі құрылысты қаржыландыру" бөлімінде мемлекеттік бюджеттен күрделі салымдарды салуды қаржыландыру көрсетіледі.

740 "Берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" жолы бойынша (150) құрылыс материалдары, конструкциялар, деталдар және күрделі салымға бөлінген қаражат есебінен сатып алынатын қондыруға және т.б. жабдық үшін берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

750 "Күрделі салымдарды бюджеттен қаржыландыру" жолы бойынша (231,

143) бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің капиталды салымдарын қаржыландыру сомасының қалдығы көрсетіледі.

52. 760 "Баланс" жолы бойынша 3 және 4-бағандардың 450-ден бастап 750-ге дейінгі жолдарының жалпы сомасы көрсетіледі және осы сома 3 және 4-бағандардың 440 жолына толық сай келуі тиіс.

53. Баланстан тысқары шоттарда мемлекеттік мекемеге жатпайтын, бірақ оның пайдаланылуында немесе билігінде уақытша болатын құндылықтар, сондай-ақ қатаң есептілік бланкілері, демалыс үйлеріне жолдамалар және басқалар көрсетіледі.

770-779 жолдар бойынша жолдардың нөмірлері тиісінше баланстан тысқары шоттарға аударылды, онда материалдық құндылықтар, жалға алынған активтер және басқалар, сондай-ақ мемлекеттік мекеме қабылдаған міндеттемелердің сомасы ескеріледі.

54. 230; 231; 234; 239 (140; 143) қосалқы шоттары бойынша бюджеттен алынатын қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің деректерімен баланста көрсетілген бюджеттік қаржыландыру сомасын салыстыруға арналған және баланспен бірге беріледі.

3 және 4 (дебет) бағандарда анықтамалар көрсетіледі:

173 "Бюджетке төлемдер бойынша есеп айырысу" шотына жатқызылды" 800 жолы бойынша бюджеттің кірісіне аударуға жататын активтерді және материалдық құндылықтарды және басқа да түсімдерді сатудан түсетін сома және кінәлі тұлғалар есебіне жатқызылған есептелген жетіспеу сомасы көрсетіледі;

810 "Өндіріп алу үшін нақтыланбаған берешек есептен шығарылды" және 820 "Мемлекеттік мекеменің есебіне қабылданған материалдардың жетіспеушіліктері есептен шығарылды" жолдары бойынша - мемлекеттік мекеменің есебінен шығарылған дебиторлық берешекті және материалдардың жетіспеушіліктерін өндіріп алу үшін тиісінше сомасы нақтыланбаған;

830 "31 желтоқсанда жабылған рұқсаттардың қалдығы" жолы бойынша - 31 желтоқсанда жабылған бюджеттен алынған пайдаланылмаған рұқсат қалдықтарының сомасы;

831 "31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар және байланысты гранттар бойынша рұқсаттардың қалдығы" жолы бойынша - 31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар бойынша пайдаланылмаған рұқсат қалдықтарының сомасы;

840 "Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері бойынша шығындар есептен шығарылды" жолы бойынша (тоқсандық есепте толтырмайды) 4-бағанда аяқталған және пайдалануға берілген жаңа құрылыс объектілері және жылдың аяғында есептен шығарылған қайта құру бойынша шығындар сомасы

к ө р с е т і л е д і ;

850 "Есепті жылда шығыстар есептен шығарылды" жолы бойынша (тоқсандық есепте толтырмайды) - 200 қосалқы шоты бойынша көрсетілген жылдың басындағы шығыс қалдықтарын ескере отырып жылдың аяғында есептен шығарылған қаржыландыру жоспарын атқару жөніндегі іс-жүзіндегі шығыстар сомасы, 201 "Ғылыми әзірлемелерге арналған шығыстар" қосалқы шоты бойынша аяқталған және қабылданған ғылыми әзірлемелер бойынша шығыстар және 205 "Трансферттер бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша мемлекеттік мекеменің алған трансферттері есебінен жүргізілген шығыстар с о м а с ы ;

860 "Сыртқы заем және байланысты гранттар есебінен есепті жылы берілген рұқсаттар есептен шығарылды" жолы бойынша (тоқсандық есепте толтырмайды) 3-бағанда жылдың аяғында есептен шығарылған сыртқы заемдар және байланысты гранттар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша сома к ө р с е т і л е д і ;

870 "Өтеусіз берілген материалдық құндылықтар мен ақшалай құжаттар" жолы бойынша 3-бағанда басқа мемлекеттік мекемелерге өтеусіз берілген материалдық құндылықтар мен ақшалай құжаттардың сомасы көрсетіледі;

871 "Аяқталмаған құрылыс объектілеріне қаржыландыру беру" жолы бойынша 4-бағанда аяқталмаған құрылыс объектілерін бір мемлекеттік мекеменің екіншісіне берген қаржыландыру сомасы көрсетіледі;

880 "Барлығы" жолы бойынша - 800-ден бастап 871-ге дейін жолдар сомасы.

7 және 8-бағандарда (кредит) анықтамалар көрсетіледі:

890 "Жыл басындағы қалдық" жолы бойынша - жылдың басындағы 230 және 231 (140 және 143), 234 қосалқы шоттары бойынша қаражат қалдығы;

900 "Жыл (тоқсан) ішінде берілген рұқсаттар" жолы бойынша - берілген р ұ қ с а т т а р д ы ң с о м а с ы ;

910 "Артық және қайтарымсыз алынған материалдар қосып алынды" жолы бойынша - түгендеу кезінде айқындалған артық материалдар мен азық-түлік сомасы, қайтарымсыз алынған материалдардың құны;

920 "Осы мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспары есебінен орталықтандырылған тәртіппен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүргізген төлемдер" жолы бойынша - бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінен алынған материалдардың құны, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспары есебінен орталықтандырылған тәртіппен бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүргізген басқа да төлемдердің сомасы;

930 "Активтер мен АТЗ-ны жоюдан материалдар шотына аударылғаны және түскені" жолы бойынша - активтер мен АТЗ шоттарынан аударылған және активтер мен АТЗ-ны жоюдан материалдар шотына түскен заттардың құны;

940 "Бағамдық айырмашылық" жолы бойынша - бағамдық айырманың
с о м а с ы ;

941 "Сыртқы заемдар және байланысты гранттар бойынша рұқсаттар" жолы
бойынша 7-баған бойынша сыртқы заемдар және байланысты гранттар қаражаты
есебінен жобаларды қаржыландыру сомасы көрсетіледі;

943 "Өндіріп алу үшін нақты емес берешек есептен шығарылды" жолы
бойынша - өндіріп алу үшін нақты емес кредиторлық берешек сомасы;

961 "Өзге де" жолы бойынша - қаржыландырудың қосалқы шоттарын
арттыруға жатқызылған басқа сома;

962 "Аяқталмаған құрылыс объектілеріне қаржыландыру алынды" жолы
бойынша 8-бағанда мемлекеттік мекемеден алынған аяқталмаған құрылыс
объектілерін қаржыландыру сомасы көрсетіледі;

970 "Барлығы" жолы бойынша - 890-нан бастап 962-ге дейін жолдардың
с о м а с ы ;

980 "Жыл (тоқсан) аяғындағы қосалқы шот бойынша қалдық" жолы бойынша
- ағымдағы жылдың шоттарын жапқаннан кейін есепті күнге қаржыландыру
с о м а с ы н ы ң қ а л д ы ғ ы .

№ 1 нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.04. № 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.10.28 № 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

55. № 2 нысан бойынша Қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп ашық түрде шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын көруге мүмкіндік береді. Есептілік Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының әрбір функционалдық тобы, мекемесі, бюджеттік бағдарламасы, кіші бағдарламасы б о й ы н ш а ж а с а л а д ы .

3-бағанда қаржыландырудың бекітілген жоспарына сәйкес шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің бөлінісінде белгіленген тәртіппен есепті күні оған енгізілген өзгерістерді ескере отырып жылдық бюджеттік тағайындаулар көрсетіледі;

4-бағанда заңнамада белгіленген тәртіппен оған енгізілген өзгерістерді ескере отырып жыл басынан бастап есепті күнге өспелі қорытындымен бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі;

5-бағанда заңнамада белгіленген тәртіппен оған енгізілген өзгерістерді ескере отырып жыл басынан бастап есепті күнге өспелі қорытындымен төлемдер

бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қорытынды сома көрсетіледі;

6-бағанда шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстар бөлігінде рұқсаттар сомасы көрсетіледі;

7-бағанда кассалық шығысты қалпына келтіруге енгізілген соманы шегере отырып чектер, төлеуге берілетін шоттар және басқа да құжаттар бойынша мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоттарынан шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жылдың басынан бастап өспелі қорытындымен есепті кезеңге кассалық негізде жүргізілген бюджет қаражатын жұмсаудың сомалары көрсетіледі;

8-бағанда есепті кезең шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша қаржыландыру жоспарын орындау бойынша іс-жүзіндегі шығыстар көрсетіледі;

№ 2 нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

56. № 4 нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен түсім жоспарлары мен ақшаның жұмсалуды орындау туралы есепті олардың билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері бар мемлекеттік мекемелер жасайды және береді.

4-нысанда тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдерінің бір түрі болған кезде оның билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаның түсімдері, іс-жүзіндегі және кассалық шығыстары көрсетіледі.

"Жоспар бойынша бір жылға бекітілді" 4-бағаны бойынша - мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен түсімдері мен ақша шығыстарының бекітілген жоспарының деректері көрсетіледі, "Жоспар бойынша жыл басынан бастап бекітілді" 5-бағаны бойынша олардың билігінде қалғандары - есепті күнге жоспар бойынша жыл басынан бастап бекітілген деректер көрсетіледі, 6-бағанда түсімдердің сомасы және кассалық шығыстар көрсетілуі керек, ал 7-бағанда жыл басынан бастап өспелі қорытындымен іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі.

"Кассалық шығыстар" 7-бағаны бойынша 010 және 170 жолдары бойынша 011 және 171 - "оның ішінде ақшаның қалдығы" жолдары бойынша тиісінше бөле отырып есепті кезеңнің басында және соңында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын қаражат қалдықтарының сомасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің 010 және 011 жолдары өткен жыл үшін № 4 нысан есебінің 170,

171 жолдарына сәйкес келуі тиіс.

020 жолы бойынша қайтарылған кірістердің сомаларын шегере отырып есепті кезең үшін оның билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан мемлекеттік мекеме алатын ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

040 жолы бойынша 010, 020 жолдарының сомасы көрсетіледі.

050 жолы бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстарды кейіннен ашып жаза отырып мемлекеттік мекеменің оның билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған ақша шығыстарының жалпы сомасы, оның ішінде тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома көрсетіледі.

051 жол бойынша тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома көрсетіледі.

160 жол бойынша мемлекеттік мекеме есебінен қабылданған өндіріп алу үшін нақты емес дебиторлық берешек және материалдардың жетіспеушілігінің сомасы көрсетіледі.

№ 4 нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

57. № 4-жиынтық нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есеп осы Ережеде айқындалған құрылым, Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 8 мамырдағы № 163 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышына сәйкес тауарлар (жұмыстар, қызметтер) кодтары бойынша, сондай-ақ бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтарын есепке ала отырып қалыптастырылады.

№ 4-жиынтық нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есепті жиынтық түрде № 4 нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есепте көрсетілген деректердің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайды.

К і р і с б ө л і г і :

010 "Түсімдердің барлығы" деген жол бойынша өзіне қаржы жылының басындағы ақша қалдығын және ағымдағы жылдың түсімдер сомасын қамтитын түсімдердің жалпы сомасы көрсетіледі (011 жол қосу 012 жол);

011 "Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы" деген жол бойынша қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;

012 "Ағымдағы жылдың түсімдері" деген жол бойынша ағымдағы жыл түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

Ш ы ғ ы с б ө л і г і :

11-бағанда 020 "Шығыстардың барлығы, оның ішінде ерекшеліктер бойынша" деген жол бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының барлық ерекшеліктері бойынша кассалық шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде бюджетке аударылған сомаларды жаза отырып көрсетіледі;

021 "оның ішінде бюджеттің кірісіне аударылды" деген жол бойынша тиісті бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

030 "Ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы" деген жол бойынша ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

№ 4-жиынтық нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

58. № 4 нысаны бойынша жеке немесе заңды тұлға қайтарымдылық шарттарында мемлекеттік мекемеге беретін ақша жөніндегі есепте жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасының қозғалысы көрсетіледі.

3-бағанда 010 жол бойынша жылдың басындағы, ал "оның ішінде ақша қалдығы" 011 жолы бойынша өткен жылғы № 4-д есептің 170, 171 жолдарына сәйкес келетін қаражат қалдықтары көрсетіледі.

020 жол бойынша - ағымдағы жыл үшін жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша орналастыру ақшасының түсімі көрсетіледі.

040 жол бойынша - 011 және 020 жолдарының сомасы көрсетіледі.

050 жол бойынша - қаражаттың кассалық шығыстары көрсетіледі.

140 жол бойынша - бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

3-бағанда 170 жол бойынша барлық есепті кезеңнің соңындағы, ал 171 жол бойынша - "оның ішінде ақша қалдығы" қаражатының қалдықтары көрсетіледі.

№ 4-д нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. № 4-сп нысан бойынша Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды туралы есепте мақсатқа сай пайдалану үшін түскен демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын ақшаның қозғалысы көрсетіледі.

3-бағанда демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды көрсетіледі.

010 және 170 жолдар бойынша "оның ішінде ақша қалдығын" 011 және 171

жолдар бойынша бөле отырып жылдың басындағы және есепті кезеңнің соңындағы қалдықтар көрсетіледі. Есепті кезеңнің 010 және 011 жолдары өткен жыл үшін есептің осы нысанының 170 және 171 жолдарына сәйкес келуі тиіс.

020 жол бойынша - демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер.

404 жолы бойынша - 011, 020 жолдарының сомасы.

050 жолы бойынша - есепті кезең үшін жүргізілген кассалық шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде бюджет кірісіне аударылған сома.

051 жол бойынша - бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

№ 4-сп нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

59-1. № 4-дк нысан бойынша Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды туралы есепті жиынтық түрде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайды, онда мақсатқа сай пайдалану үшін демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның қозғалысы көрсетіледі.

1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы көрсетіледі.

3-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

4-бағанда қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды және атауы көрсетіледі.

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңінде жұмсалған ақша сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатқа сай жұмсалған ақша айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

№ 4-дк-жиынтық нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 59-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.11.28. № 421 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

60. № 4-в нысан бойынша Шетел валютасындағы қаражат қозғалысы туралы есепті шетел валютасындағы қаражаты бар мемлекеттік мекемелер білдіреді.

010, 170 жолдар бойынша "оның ішінде шетелдік валютадағы шотта" (118 "Шетелдік валютадағы шот" қосалқы шотындағы қалдықтар) 011, 171 жолдары бойынша бөле отырып жылдың басындағы және есепті кезеңнің аяғындағы шетел валютасындағы қаражаттың қалдықтары (273 "Шетел валютасындағы қаражат қоры" қосалқы шотындағы қалдықтар) көрсетіледі. Есепті жылдың

басындағы қалдықтар (010, 011 жолдар) өткен жыл үшін жылдың аяғындағы есептің қалдықтарына (170, 171 жолдар) ұқсас.

020 жолы бойынша - шетел валютасындағы қаражат түсімдерінің сомасы.

021 жолы бойынша - бағамдық айырма.

030 жолы бойынша - айырбастау үшін түскен бюджет қаражатының сомасы.

040 жолы бойынша - 011, 020, 021, 030 жолдарының сомасы.

050 жолы бойынша - осы жол бойынша шетел валютасындағы қаражаттың жұмсалған сомасы шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстарды кейіннен ашып жаза отырып кассалық шығыстар көрсетіледі.

140 жолы бойынша - бюджеттің кірісіне енгізілді.

141 жолы бойынша - өзге де аударымдар.

№ 4-в нысаны тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 60-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 61-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 108 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. № 5 нысан бойынша Активтердің қозғалысы туралы есепте "Активтердің болуы" бірінші бөлімінде қосалқы шоттар бойынша (010-019) активтердің болуы көрсетіледі.

"Жылдың басындағы" 3-баған өткен жылғы есептің осы нысанының "Есепті кезеңнің соңында" 6-бағанының тиісті жолдарының деректеріне сәйкес келуі тиіс.

"Түскені" 4-бағанында есепті кезеңдегі активтердің түсімі көрсетіледі.

"Кеткені" 5-бағанында - есепті кезеңде қанша актив кетті.

6-бағанда есепті кезеңнің соңындағы активтердің қалдығы көрсетіледі.

№ 5 нысанның екінші бөлімінде активтердің қозғалысы көрсетіледі.

130 жол бойынша 140, 150, 151, 160, 161, 162, 163 жолдар бойынша активтерді ұлғайту көздерін бөле отырып барлық активтердің түсімі көрсетіледі.

163 жол бойынша активтерге АТЗ-дан ауыстыру және 140-162 жолдарда көрсетілмеген активтердің өзге де түсімі көрсетіледі.

180 жол бойынша - 190-232 жолдар бойынша бөле отырып активтер мен АТЗ кетуі, осыған байланысты активтер кетті.

190-жол бойынша мемлекеттік мекеме есебінен есептен шығарылған активтердің жетіспеу сомасы көрсетіледі;

200-жол бойынша айыпты тұлғалар есебінен шығарылған активтердің

жетіспеу сомасы көрсетіледі;

210-жол бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелеріне ақысыз берілген активтер сомасы көрсетіледі;

211-жол бойынша басқа ұйымдарға ақысыз берілген активтер сомасы көрсетіледі.

220-жол бойынша ескіруі және тозуы бойынша есептен шыққан, сондай-ақ артық және керек емес мүлікті сату тізімінен шыққан активтер сомасы көрсетіледі.

3-бағанда 230 жол бойынша есепті кезеңде АТЗ-ға ауыстыру есебінен активтердің кетуі.

3-бағандағы 231 жол бойынша материалдарға ауыстырылған активтердің сомасы көрсетіледі.

232-жол бойынша 190-231-жолдарда санамаланбаған есептен шығарылған активтер сомасы көрсетіледі.

№ 5 нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

Ескерту. 62-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2008.10.28 № 533 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

63. № 6 нысан бойынша Материалдық қорлардың және арзан бағалы тез тозғыш заттардың қозғалысы туралы есепте материалдардың, азық-түліктің және мемлекеттік мекемелерге жататын АТЗ болуы және қозғалысы көрсетіледі.

"Материалдардың, азық-түліктің және арзан бағалы және тез тозғыш заттардың болуы" бірінші бөлімінде жылдың басындағы және аяғындағы материалдардың, азық-түліктің және АТЗ қалдықтарының құны, сондай-ақ есепті жылы мемлекеттік мекеменің қажеттілігіне жұмсалған материалдар мен азық-түліктің құны көрсетіледі.

3-бағанда есепті жылдың басындағы қалдықтар көрсетіледі, ол өткен жылғы осы есеп нысанының жылдың аяғындағы қалдықтарына сәйкес келуі тиіс.

4-бағанда жылдың аяғындағы материалдардың, азық-түліктің және АТЗ қалдықтары.

5-бағанда есепті жыл үшін материалдардың, азық-түліктің және АТЗ жұмсалуды.

"Материалдардың, азық-түліктің және арзан бағалы және тез тозғыш заттардың қозғалысы" екінші бөлімінде материалдардың, азық-түліктің және АТЗ қозғалысы көрсетіледі.

160 жол бойынша материалдардың, азық-түліктің және АТЗ түсімдерінің жалпы сомасы есепті жыл үшін 161-190 жолдар бойынша олардың түсім көздерін көрсете отырып көрсетіледі.

Есепті жылы кеткен материалдардың, азық-түліктің және АТЗ жалпы сомасын 201-260 жолдар бойынша бөле отырып 200 жол бойынша көрсетіледі,

оның есебінен материалдардың, азық-түліктің және АТЗ кетуі болды.

№ 6 нысан жылдық есептілік болып табылады.

64. № 7 нысан бойынша Өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті өкілдік шығындарға қаражат алған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері береді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жасаған Іс-шаралар жоспарына сәйкес өкілдік шығындарға қаражат алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне "Өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті" жиынтық түрде беруі тиіс, соңынан жиынтық түрде есептілік құрамда бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға есепті береді.

"Өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті" жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен бюджеттің атқарылуы жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдарға береді.

"Смета бойынша бекітілді" 3-бағанында іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстардың сметасы бойынша бекітілген өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі, "Кассалық шығыстар" 4-бағанында жүргізілген кассалық шығыстардың сомасы көрсетіледі, "Пайдаланылмаған рұқсаттардың қалдығы" 5-бағанында пайдаланылмаған рұқсаттардың қалдығы көрсетіледі. Бұдан басқа, берілген рұқсаттардың сомасы көрсетіледі.

№ 7 нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.

